Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна
Пән: Математика
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Формуланы табу
Тақырып: Фигуралар салу

Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	3.3.1.5 берілген ауданы бойынша торкөзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру
Сабақ мақсаттары:	**Барлық білім алушылар**: Торкөз бетіне жазық фигураларды салу. **Білім алушылардың басым бөлігі**: Берілген параметрлер бойынша фигура салу. **Кейбір білім алушылар**: Фигураның пішіні өзгергенде оның ауданы қалай өзгеретінін түсіндіру.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Фигураларды салу. Терминология: Фигуралар, салу. Талқылау: - Тіктөртбұрыштың ауданын қалай табу керек? - Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын қалай табу керек? Жазылым: Есептің шешуін жазу.
Құндылықтарды дарыту:	Өзарасыйластық, жауапкершілік, еңбеккорлық.
Пәнаралық байланыстар:	Жаратылыстану.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім:	фигуралар салу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. - Адамдар бұрынғы кезден өлшейтін және сызатын құралдарды қолданған. Біздің кезімізге дейін жеткен құралдар бар ма? Олар қандай деп ойлайсыңдар?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (30мин.)	Өзектендіру. Суреттерді қараңыздар. Параллель және параллель емес түзулерді атаңыздар. Мұны қалай дәлелдеуге болады? 5e1d99deb7898.png Image not found or type unknown **Мақсат қою (мәселелі жағдаят)** Бүгін біз өз біліміміздің нақтылаймыз, әрқайсыңыздың басыңызда туындаған қандай да бір қиындықты тауып, оны түзейміз. **Өзіндік жұмыс** Оқушылар 2-ші мен 3-ші тапсырманы орындап, нәтижесін эталонмен салыстырады. Қиындықтарды түзету Мұғалім орындалу барысының дұрыстығын тексереді. – Кімде қиындық туындады? – Сіз қай жерде қате жібердіңіз? – Қате кетудің себебі неде? – Егер өзіндік жұмыста ешқандай қиындық туындамаса, өз іс-әрекетіңіздің мақсатын құрастырыңыз. (Қосымша тапсырма орындау). – Қиындық туындаған балалардың әрі қарайғы мақсаты қандай? (Қатені түзету). – Қателерді түзету алгоритмін қолданамыз. – Әркім өз оқу мақсатын айтады. Мұғалім бағалау критерийлері бар тапсырманы орындауды ұсынады. Мен: – параллель және қиылысатын түзулер сызуды, – тіктөртбұрыш және шаршы (берілген қабырғалары бойынша) салуды; – циркульдің көмегімен шеңбер сызуды; – нүктелі қағазда қиылысатын жазық фигуралар сызуды және олардың қиылысуы мен бірігу нүктелерінің ауданын табуды білемін. **Өткенмен жұмыс**. Баланың білім деңгейіне қарай мұғалім жеке-жеке тапсырма береді. **Өзіндік жұмыс**. Балалар тапсырманы таңдау бойынша орындайды: симметриялы фигуралар, дөңгелектен жасалған өрнектер салады және дайындайды.	
Аяқталуы: (5мин.)	Рефлексия. – Сабақтың басында алдымызға қандай мақсат қойдық? – Осы мақсаттарға жете алдық па? – Сіздерде қиындық туындаған ба еді? – Сіз оларды өте алдыңыз ба? – Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды? Өз жұмысын жетістік сызғышының көмегімен бағалауды ұсынады. Үйге тапсырма: 5-тапсырма, 40-бет.	